



БІРЫҢҒАЙ ГРАНТ ОПЕРАТОРЫ

азаматтық бастамаларды
қолдау орталығы

Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2024 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі

Тапсырыс беруші: Атырау қалалық ішкі саясат бөлімі

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ
Астана 2024**

1. Гранттарды орналастыру есебі кезеңінің басталу және аяқталу күні:

Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің тапсырысы бойынша «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (*бұдан әрі - Оператор*) интернет-ресурсында 2024 жылы 21 мамырда (1-конкурс) және 2024 жылы 04 шілдеде (қайта конкурс) үкіметтік емес ұйымдар үшін мемлекеттік гранттар беруге арналған 2 конкурсы жарияланды. Хабарламаны келесі сілтеме бойынша көре аласыз:

1. <https://cisc.kz/atyraw-qalalyq-ishki-sayasat-boelimining-tapsyrusy-bojynsha-granttarkonkwrsy-75322.html>

2. <https://cisc.kz/ru/povtornoj-konkurs-po-zakazu-gorodskogo-otdelavnutrennej-politiki-goroda-atyrau-75746.html>

3. <https://www.facebook.com/cisc.kz>

4. <https://www.facebook.com/cisc.kz>

5. <https://t.me/ciscrq/2673>

6. <https://t.me/ciscrq/2767>

7. <https://www.instagram.com/p/C7PHzS5N85R/?igsh=MTdzMWI2eDcxNnk3c>

g

8. <https://www.instagram.com/p/C89zhP0tkx-/?igsh=c2NoNGQ2OWk4dm1y>

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді қабылдау уақыты:

1) 1-конкурс бойынша 2024 жылғы 22 мамыр мен 11 маусым аралығында жүзеге асырылды;

2) 2-конкурс (қайта конкурс) бойынша 2024 жылғы 05 мен 26 шілде аралығында жүзеге асырылды.

2. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:

Есептік кезеңде Оператор Бөлімнің 8 басым бағыт бойынша 8 мемлекеттік грантын беру жөнінде хабарландыру жариялады:

№	Басым бағыт	Грант саны	Грант сомасы
1	Атырау қаласындағы NEET санатындағы жастарды азайту	1	4 000 000
2	Жастарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру	1	4 000 000
3	Жастарды нашақорлық, темекі шегу, алкоголь, таксикоманияның зияны туралы ақпараттандыру	1	5 000 000
4	Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу	1	3 000 000
5	Жас еріктілер корпусын қалыптастыру	1	4 000 000
6	Атырау қаласында зорлық-зомбылықтың алдын-алу	1	3 000 000
7	Атырау қаласында отбасылық-демографиялық және гендерлік саясатты жүзеге асыру	1	5 000 000
8	Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту	1	3 000 000

3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны:

Өткізілген конкурстардың нәтижесі бойынша 8 грант бойынша 6 ҮЕҰ-мен мемлекеттік грант беру туралы шарт жасалды.

№	Заңның 5-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік грант саласы	Мемлекеттік гранттың басым бағыты	Грант түрі	Ұйым атауы	Шарттың нөмірі мен күні
1	Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау	Жастарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру	қысқа мерзімді	«Ой бренд» ҚҚ	№128 17.07.2024
2		Жастарды нашакорлық, темекі шегу, алкоголь, таксикоманияның зияны туралы ақпараттандыру		«Жаңа уақыт» ҚҚ	№129 17.07.2024
3		Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу		«Шырағдан» ҚБ	№130 17.07.2024
4		Жас еріктілер корпусын қалыптастыру		«Ой бренд» ҚҚ	№131 17.07.2024
5		Атырау қаласындағы NEET санатындағы жастарды азайту		«Алматы студенттер Альянсы» қоғамдық қоры	№152 28.08.2024
6	Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу	Атырау қаласында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу		«Жарқын Жанұя» ҚБ	№126 15.07.2024
7		Атырау қаласында отбасылық-демографиялық және гендерлік саясатты жүзеге асыру		«Даму Қазақстандық Қауымдастығы» Заңды Тұлғалар Бірлестігі	№149 26.08.2024
8	Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту	Қала тұрғындары арасында діни сауаттылықты арттыру және этносаралық, конфессияаралық қатынасты нығайту		«Даму Қазақстандық Қауымдастығы» Заңды Тұлғалар Бірлестігі	№147 26.08.2024

2024 жылы 17 шілдедегі «Жаңа уақыт» қоғамдық қорымен жасалған **№129** шарт бойынша жобаның іске асырылуына мониторинг жасау нәтижесінде қазіргі уақытта **шартты бұзу жөніндегі** сотқа дейінгі іс жүргізу орын алуда.

4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы:

2024 жылы Оператор «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес

«Жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау», «Отбасылық-демографиялық және гендерлік мәселелерді шешуге жәрдемдесу» және «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту» салалары бойынша 8 жобаны іске асырды.

5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Мемлекеттік гранттарды Оператор Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және мемлекеттік органның Оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде мемлекеттік бюджет қаражатынан береді.

Есептік кезеңде Бөлім 31 000 000 теңгені құрайтын 8 гранттық жоба ұсынды.

6. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:

Есепті кезеңде Басқарманың мемлекеттік грантын іске асыру барысында бюджеттен тыс көздер тартылған жоқ.

7. Есепті кезеңде қазақстандық ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Қазақстандық ұйымдар арасынан гранттарды іске асыруға тартылған серіктестер туралы мәліметтер:

№	Грант алушының атауы	Жобаның атауы	Ұйымның атауы	Басшының ТАӘ	Байланыс деректері	Заңды мекенжайы
1	«Алматы» студентер Альянсы» корпоративтік қоры	«Zhas life» жобасы (Атырау қаласындағы NEET санатындағы жастарды азайту)	«Жоғары жастар кеңесі» ҚБ	Ж.Жақсы бай	+7 708 478 2454	Алматы қ., Микрорайон ЖАС КАНАТ, 1/8
			«DiMeDla» пиар агенттігі (мүдделі тарап)	Д.Ораз	+7 747 461 1535	Астана, Роза Бағланова, 2
			«Dauletten» қайырымдылық қоры	Ж.Бостандықұлы	+7 705 135 6898	Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 54А. 12-қабат, 1206-кеңсе
2	«ОЙ БРЕНД» қоғамдық қоры	Волонтерлер мен волонтерлік бірлестіктерді қолдауға бағытталған «Birgemiz: is-qimyl kezeni» жобасы (Жас еріктілер корпусын қалыптастыру)	«Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ	В.Ким	+7 707 237 1457	Астана, Жүмекен Нәжімеденов, 10/3
			«Қазақстан жастарының Конгресі» ЗТБ	Б.Жанділді аев	+7 747 860 8467	Астана қ., АЗЕРБАЙЖАН МАМБЕТОВ, 2/1, 3
3	«ОЙ БРЕНД» қоғамдық қоры	«Адал азамат» жобасы (Жастарда сыбайлас	«Бу qazaq» ҚБ	Х.Қазақ	+7 708 268 6585	Ақтау, Микрорайон 8, 29А

	жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және құқықтық сауаттылықты арттыру)	«Аяулы алақан» ҚҚ	Т.Кариева	+7 747 514 1386	Жетісу, Талдықорған, С.Еркін, Улица Сулеева, Дом 8, ҚВ. 1
		Жастар серпілісі ҚБ	Е.Күзенбаев	+7 776 168 2815	Астана қ., Қаныш Сәтбаев к-сі, 6

8. Есепті кезеңде халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан гранттарды іске асыруға тартылған әріптестер туралы ақпарат (жалпы саны, ұйымның толық атауы, басшысының тегі, аты, жөні, әкесінің аты (болған кезде), байланыс деректері, заңды мекенжайы):

Гранттық жобаны іске асыру барысында халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарынан әріптестер тартылған жоқ.

9. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 1-қосымшада көзделген.

10. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер

Ақпарат осы есепке 2-қосымшада көзделген.

11. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы тұжырымдар мен ұсынымдар:

Атырау қалалық ішкі саясат бөлімінің гранттық жобаларын іске асыру биыл жастар саясатының түрлі салаларында, теріс тәуелділіктің алдын алуда, әскери-патриоттық тәрбиеде, ерікті корпусы қалыптастыруда және әлеуметтік қорғауды күшейтуде оң нәтижелер көрсетті. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, құқықтық сауаттылықты жақсартуға, жастар арасындағы NEET-мәртебесін төмендетуге, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға, отбасылық демографиялық және гендерлік саясатты дамытуға, сондай-ақ діни және ұлтаралық сауаттылықты арттыруға бағытталған бағдарламалар азаматтардың әлеуметтік белсенділігі мен хабардарлығын арттыруға айтарлықтай әсер етті.

Бөлім мұндай бастамаларды қолдауды жалғастырып, олардың қол жетімділігін кеңейтіп, муниципалдық мекемелердің күнделікті қызметіне кірігуі керек. Сондай-ақ, грант алушылармен проблемаларды талқылау және бірлескен шешімдерді табу үшін тұрақты кездесулер өткізу, сондай-ақ олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді оң әсерлерге қол жеткізу үшін жобаларға ақпараттық қолдауды арттыру ұсынылады.

12. Есепке гранттарды қалыптастыруға қатысатын үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың басшысы, оператордың бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды. Есептің әрбір данасы тігіледі, тігіс түйініне және ішінара құжаттың парағына

желімделген қағаз пломбамен бекемделеді. Мөрдiң бедерi iшiнара қағаз пломбаға, iшiнара құжаттың парағына басылуы тиiс.

13. Есеп «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ гранттық қаржыландыру саласындағы оператормен жасалды.

Басқарма Төрағасы

Л. Диас

Бас бухгалтер

С. Ануарбек